

Сабақтың тақырыбы:

«Автоматты бөлшектеу және жинақтау, қару жарақпен жұмыс істегенде техника қауіпсіздік ережелерін сақтау»

Сабақтың мақсаты:

- **Білімділік:** автоматты бөлшектеу және жинақтау ретін түсіндіру, білдіру, меңгерту;
- **Тәрбиелік:** елін, жерін сүйеге, саналы түрде Отанын қорғауға дайын болуға, Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріне деген құрметке, батылдыққа және бастамашылыққа тәрбиелеу.
- **Дамыту мақсаты:** автоматты толық емес бөлектеу мен жинақтауды үйрету және оған қабілеттілігін арттыру, дамыту.

Сабақ түрі: аралас сабақ **Көрнекілік құралдар:**

- Калашников автомат /оқу қаруы/;
- Интерактивті тақта.

Сабақтың барысы

- **. Ұйымдастыру кезеңі:** взводты екі қатарлы сапқа тұрғызу, рапорт қабылдау, амандасу, сыртқы келбетін тексеру, түгендеу.

- **.Үй тапсырмасын тексеру:**

а) Тест тапсырмасымен жұмыс;


б) Калашников автоматының арналуы,

жалпы құрылысы және ұрыстық қасиеттері туралы білімін төмендегі сұрақтар арқылы тексеру:

- Калашников автоматын қашан, кім шығарған және оның арналуы;
- Автоматтың негізгі бөліктері мен механизмдері;
- Автоматтың ұрыстық қасиеттері.
- **. Үй тапсырмасын қорыту.**

Жаңа тақырыпты бастаудан бұрын өткен тақырыпты тақтада ілулі тұрған тірек сызбасының көмегімен қорытындылау.

Тірек сызба



IV. Жаңа сабақ

Ең алғашқы автомат 1947 жылы жасалды.1949 жылы Кеңес әскерінің жеке атыс қаруы ретінде еңгізілді.1957 жылы АК-47 жаңартылып АКМ аталды. Осы жылы алғаш рет Калашников пулеметі жасалды.1949-1990 жылдарға дейін 55-70 мемлекетте автомат шығарылады.1974 жылы Калашников автоматы мен пулеметі Кеңес Одағы армиясының негізгі қаруы ретінде қабылданды. Қарудың 150-ден астам маркасы жасалып , оның 17 түрі қазір қолданыста. Әлемнің 47 елінің елтаңбасында қару бейнесі бейнеленген. Алдымен, қару-жарақ жасаудың бүкіл тарихы 1941-1942 жылдардағы қасіретті дүмпулерден басталғанын айтқым келеді. Нағыз қанды қырғын соғыс жүріп жатқан. Міне, сондай жауапты шақта қолы таңылған жай ғана сержантқа сенім артылды. Біздің өткенімізді, көбіне, жоққа шығарып жатады. Шындығын айтқанда, Алматыдағы Қорғаныс өнеркәсібінің хатшысы көп көмектесті. Ол кезде сондай қызмет бар болатын. Қазақстан Орталық Комитетінің Қорғаныс өнеркәсібі хатшысы Ахметжан Қойшығұлұлы Қойшығұлов еді. Сол кісінің қабылдауында болғанымда, Алматыға көшіп келген Мәскеу әуе жолдары институтының жанындағы шеберханада жақсы үлгісін жасап шығаруға болатынын айтты. Міне, солай көмектескен адамдар болды, оны қалайша ұмытуға болады. Өзімнің кітаптарымда мен оларды, сондықтан да, ерекше ілтипатпен атап өттім, - дейді Михаил Тимофеевич Калашников

Автоматты толық емес бөлектеу тіртібі *Оқжатарды бөлектеу.*

Автоматты сол қолмен дүмінің мойыншасынан не құндағынан ұстап, оң қолмен оқжатарды орай ұстайды, бас бармақпен бекіткішті қысып, оқжатардың төменгі жағын ілгері ұмсындырып, оны бөлектеп алады. *Содан кейін оқтықта оқтың бар-жоғы тексеріледі*, бұл үшін ауыстырғыш төменге түсіріледі, оны «АВ» /автоматты ату/ немесе «ОД» /жекелей ату/ жағдайына қойып, бекітпе жақтауының тұтқасы кейін жылжытылады, оқтықты тексеріп, бекіткіш жақтауы жіберіліп, шүріппе ұрыстық қайырудан /взводтан/ босатылады.

Түнгі көздеуіші бар автоматты бөлшектеу кезінде оқжатарды бөліп алғаннан соң, түнгі көздеуішті бөлектейді, ол үшін қыспа құрылғысының тұтқасын сол жаққа және артқа қарай апарып, көздеуішті артқа жылжытады да, оны автоматтан бөлектеп алады.

Оқжатарды автоматқа қосу. Автоматты сол қолмен дүм мойыншасынан немесе шетмойыннан ұстап тұрып, оң қолмен оқжатардың ілгішін ұңғы қорабының терезесіне енгізіп, оқжатардың ілмегі оқжатардың тірек шығыңқысынан асатындай етіп өзіне бұрады. Түнгі көздеуіші бар автоматты жинау кезінде пулеметті қосқаннан кейін НСПУ көздеуішін қояды. Автоматты құндағынан ұстап, көздеуіштің қыспа қөрылғысы саңылауын қару қадамасына орналастырады, ол үшін қыспа құрылғысының тұтқасының артта тұрғанына көз жеткізіп, көздеуішті алға тірелгенше жылжытып, тұтқаны алға қарай соңына дейін айналдыра отырып, оны бекіту керек.

Автоматы (пулеметті) толық емес бөлшектеу реті (бейнематериал) 2 мин.